

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерлері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 54 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 31 наурызда тіркелді. Тіркеу N 4164. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 26 наурыздағы № 127 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау және шоғырландырылған қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру, сондай-ақ қаржы рыногын реттеу мен Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері белгіленсін:

1) Ұлттық почта операторы үшін - 1 (бір) миллиард теңге;

2) ипотекалық ұйымдар үшін:

осы қаулы қолданысқа енген күннен бастап - "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес;

2006 жылғы 29 желтоқсаннан бастап - 100 (жүз) миллион теңге;

2007 жылғы 31 желтоқсаннан бастап - 300 (үш жүз) миллион теңге;

2008 жылғы 31 желтоқсаннан бастап - 800 (сегіз жүз) миллион теңге;

3) номиналды ұстаушы ретінде клиенттер шоттарын жүргізу құқығы бар брокерлермен және (немесе) дилерлерді қоспағанда, сондай-ақ қаулының осы тармағының 1) - 2) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, банктік заем операцияларын жүзеге асыратын ұйымдар үшін -

2008 жылғы 1 сәуірден бастап - 300 (үш жүз) миллион теңге;
2008 жылғы 31 желтоқсаннан бастап - 800 (сегіз жүз) миллион теңге;
4) банк операцияларының өзге түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдар үшін
- 5 (бес) миллион теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.06.25 N 168 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енеді), 2007.12.24. N 280 қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

2. Осы қаулының күші жарғылық капиталын қалыптастыру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделмеген коммерциялық емес ұйымдарда қолданылмайды.

2-1. Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар брокерлер және (немесе) дилерлердің жарғы капиталының барынша төмен мөлшері Агенттік Басқармасының «Номиналды ұстаушы ретінде клиенттің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметті және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 56 қаулысында белгіленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5 2 3 3) .

Ескерту. 2-1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.29 N 49 қаулысымен.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

4. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын қадағалау департаменті (Каримуллин А.А.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Қ.М. Досмұқаметовке жүктелсін.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК